

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

1. ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартын ендіру жұмыстары бойынша алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілуде. Сертификациялық аудит жүргізу мақсатында «TQCSI (Kazakhstan)», “CERT Academy Kazakhstan”, “ЦПБО Эксперт” сертификациялық компаниялармен байланыс орнатылды.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты үйлестіретін Ішкі қауіпсіздік департаменті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі ұйымдастырылған (18.04.2022ж. №1/481бұйрық) және комплаенс-офицер лауазымы енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін “Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы” үйлестіреді.

3. 2022ж. 14-ші маусымда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Қ.Қожахметов және Ахмет Ясауи университетінің ректоры Ж.Темірбекова 2022-2023 жылдарға арналған бірлескен Іс-шаралар жоспарына қол қойды. Жоспарға сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және Аналитикалық жұмыс атты екі бағыт және 21 бап бойынша іс-шаралар көзделген.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның қағидаттарын сақтау мақсатында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатына комплаенс-қызмет тарапынан ұсыныс енгізіліп, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат әзірлеу жөнінде шешім Сенат қаулысына енгізілді (08.09.2022ж. №1 кезектен тыс Сенат мәжілісінің хаттамасы).

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталып, 19.09.2022ж. оларды алдын алу жоспары дайындалды және қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ол оқу орнының веб-сайтына қойылды. Бұл Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал ететін болады.

6. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Д.Нарымбетовтың 2022ж. 13 қыркүйектегі №17-1-36/36790-И санды хатына орай, Ахмет Ясауи университетінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ұстану, академиялық адалдық қағидаттарын енгізу бойынша әдістемелік нұсқауды орындау жөнінен атқарылған жұмыстар туралы ақпарат хат (№01/2857 29.09.2022ж.) дайындалып, агенттікке өткізілді.

7. Ахмет Ясауи университетінің ЖС-ХҚТУ-001-2022 шифрлы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты Сенат мәжілісінде бекітілді (04.10.2022ж. №2 Кезектен тыс Сенат мәжілісі хаттамасы). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау Декларациясының үлгісі бекітіліп, барлық қызметкерлер және оқытушы-профессорлар құрамын таныстыру және

жеке қолдарымен куәландыру туралы Сенат шешімі шықты (04.10.2022ж. №2 Кезектен тыс Сенат мәжілісі хаттамасы). Декларацияны толтыру кезінде қызметкерлер өздерінің жұбайына, ата-аналары мен балаларына, туысқандарына қатысты көтерілген барлық сұрақтарға, сауалнамаға жауап береді. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, Мүдделер қақтығысын шешу ережелері сияқты құжаттармен танысқандығын, жауаптары мен түсіндірме ақпаратының толық, шынайы және дұрыс екендігін растап қол қояды. Қазіргі уақытта осы таныстырылым үдерісі жүруде.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкестік Комплаенс-парағы рәсімделіп, бекітілген (кезектен тыс Сенат мәжілісінің №2 хаттамасы, 04.10.2022ж.). Сенаттың 2.3-шешіміне сәйкес барлық білімгерлер Комплаенс-парақпен танысады және 9 баптан тұратын бұл құжатпен танысқандығын растап қол қояды. Қазіргі уақытта осы таныстырылым үдерісі жүруде. Ахмет Ясауи университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ішкі нормативтік құжаттар тізіліміне ендірілген (ЖС-ХҚТУ-001-2022) және қолжетімділік үшін университет веб-сайтына орналастырылды.

9. 2022ж. 18 қарашада Азаматтарға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы цифрлық коммуникацияның оңайлатылған тәсілдері арқылы хабарлау мүмкіндігін беру үшін, сыбайлас жемқорлық және басқа құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер мен ұсыныстарды қабылдауға арналған орталықтандырылған электронды почтасы iktu.anticor@ayu.edu.kz ашылды. Бұл азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, объективтілік және жариялылық қағидаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

10. Білімгерлер үшін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Превенция басқармасы басшысының орынбасары, майор Әсілбек Сәбит Әсетұлының қатысуымен “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері” тақырыбында семинар өткізілді. Іс-шарада ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” заңының маңыздылығы түсіндірілді, заңнаманың жүзеге асуына білімгерлер мен оқытушылардан бастап, қоғамның барлық мүшелері жауапты екендігі баяндалды. Оқу орнындағы ұсыныс-пікірлерді қайда, қалай жолдауға болатыны көрсетілді. Семинарға қатысушы білімгерлер ойларында жүрген көптеген сұрақтарына жауап алды.

11. Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" элективті пәнімен толықтырылған.

12. Ахмет Ясауи университетінің 2026 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2023 жылы Академиялық адалдық лигасына қосылады.